


**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
МЕКТЕПШІЛІК ЕСЕПКЕ АЛУ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**



МЕ (мектепшілік есепке алу) мақсаты — жоғары педагогикалық назар аударуды және оларға уақытылы әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді талап ететін білім алушыларды уақытылы анықтау.

МЕ (мектепшілік есепке алу) міндеттері:

- білім алушыны білім беру ортасының жағдайына бейімдеуге көмектесуге, оқу мотивациясын арттыруға;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуының, құқық бұзушылықтарының және қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің алдын алуға;
- білім алушыларға, олардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге .

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығы негізінде.
Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қызметінің қағидаларын бекіту туралы.

Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет - білім беру ұйымының **алқалы органы**.

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіптік білім беру траекториясын саналы түрде таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

МЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗДЕМЕЛЕР:

- Академиялық үлгерімсіздік
- Отбасының қолайсыздығы
- Мектеп жарғысын немесе ішкі тәртіп ережелерін өрескел немесе бірнеше рет бұзу;
- Себепсіз сабақтарға жүйелі түрде қатыспау
- Әкімшілік құқық бұзушылық жасау (полицияда есепте, дилинквенттік мінез-құлық)
- Қараусыздық, панасыздық, қаңғыбастық, қайыр сұрау;
- Психобелсенді, улы заттарды, алкогольді ішімдіктерді қолдану, темекі шегу, **жәбірленуші (виктимді) және өзіне зиян келтіретін мінез-құлық, сондай-ақ аутодеструктивті мінез-құлықтың басқа түрлері.**
- **Ойынға және интернетке тәуелділік, лудомания;**
- **Теріс, бейресми балалар –жастар топтары мен бірлестіктеріне, теріс жастар субмәдениеттеріне қатысу**
- **Діни ағымдар мен радикалы көзқарастарды ұстану;**

МЕ алу тәртібі

1. Білім алушыны МЕ сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтің, пән мұғалімінің және басқа да мүдделі тұлғалардың өтініші негізінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының ұсынысы бойынша (колледжде ОТІ орынбасары) **Профилактикалық кеңестің** отырысында қаралады.
2. Мектептің (колледждің) Профилактикалық кеңесінің отырысы білім беру ұйымы әкімшілігінің **шешімі** бойынша өткізіледі.
3. Кеңес құрамы ББ ұйымының қызметкерлерінен құралады (**директор, директордың ТІ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, пән мұғалімі** / кемінде 5 адам). **Кеңес төрағасы ББ ұйымының басшысы, хатшы – әлеуметтік педагог немесе оны алмастыратын тұлға болып табылады.** Қажет болған жағдайда профилактика Кеңесінің отырысына сынып жетекшісі, кәмелетке толмағандар жөніндегі аймақтық инспектор, медицина қызметкері тартылады.
4. Профилактикалық кеңес отырысына **қатысу үшін** мектепшілік есепке алу мәселесі қаралып жатқан білім алушының ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері шақырылады.
5. Профилактикалық кеңес отырысының қорытындысы бойынша білім алушымен, оның ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен профилактикалық жұмыстың **жеке жоспары** (бұдан әрі-ПЖЖЖ) бекітіледі. Әрбір іс-шара бойынша жауапты тұлғалар көрсетіледі және нақты орындау мерзімдері белгіленеді.
6. Мектепшілік есепке алуды **жалпы үйлестіруді** білім беру ұйымы басшысының жауапты орынбасарлары жүзеге асырады (колледжде ОТІ), **бақылауды** білім беру ұйымының басшысы қамтамасыз етеді.

7. Білім беру ұйымы білім алушының (отбасының) әлеуметтік қауіпті жағдайда болуы туралы профилактикалық кеңес мүшелерінің біріне ақпарат келіп түскен жағдайда бір жұмыс күні ішінде оның заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелуін қамтамасыз ету;

МЕ алу тәртібі

7. Профилактикалық кеңес отырысына келесі ақпараттар ұсынылады:

- Білім алушыға мінездеме;
- Педагог-психологтың қорытындысы;
- Отбасының тұрғын-үй тұрмыстық жағдайын тексеру актісі (қажет болған жағдайда);
- МЕ қойылғанға дейін жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы қысқаша ақпарат.

8. ПЖЖЖ көзделеді:

- Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- Сабақтардың қосымша кестесі;
- Пәндері бойынша қарыздарын тапсыру мерзімдерін белгілеу;
- Қажет болған жағдайда ПМПК мамандарына жіберу;
- Профилактикалық әңгімелесу;
- Сабаққа қатысу;
- Мінез-құлықты түзету, жаңа дағдыларды дамыту;
- Сабақтан тыс уақытта және бос уақытта жұмыспен қамту;
- Жалпы оқыту қорынан көмек және т.б.

9. Білім алушының жалпы МЕА мерзімі үш айдан алты айға дейін. Қажет болған жағдайда Профилактикалық кеңес шешімі негізінде ұзартылады.



МЕ алу тәртібі

10. Профилактикалық кеңес отырысының хаттамасында:

- өткізілген күні,
- қатысушылар туралы деректер (аты-жөні (бар болса), лауазымы),
- күн тәртібі,
- тыңдау қорытындылары бойынша қысқаша үзінді көшірме,
- қабылданған шешім.

11. Профилактикалық **кеңесінің хаттамасына** төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

12. Кеңес материалдарына жеке жұмыстың **профилактикалық жоспарлары** қоса беріледі.

13. Профилактикалық жұмыстың жеке жоспарының бір данасы ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілге беріледі.



ЕГЕР АТА-АНАЛАР ТУЫНДАҒАН ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ШЕШУДЕГІ ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАМАЙ, КӨМЕКТЕН БАС ТАРТСА

Білім беру ұйымының әкімшілігі кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссияға сұраныспен жүгінуге құқығы бар:

- кәмелетке толмаған баланы асырау, тәрбиелеу немесе оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге қатысты материалды қарау туралы;
- кәмелетке толмағандардың ата-аналарына ықпал етудің әкімшілік шаралары туралы;
- әкімшілік жауаптылық белгіленген әрекетті жасаған кәмелетке толмаған адамға қатысты материалды қарау туралы ұсыныс береді;
- білім алушыны ішкі істер органдарында есепке қою туралы.

МЕ алу және одан шығарудың негіздемелері

- Кәмелетке толмаған баланың мінез-құлқындағы оң өзгерістер (*әлеуметтену динамикасы бойынша жағымды жақтары*);
- Сынып жетекшінің оң мінездемесі;
- Баланың өмір сүру жағдайының жақсаруы;
- Басқа объективті себептер (көшу, оқу орнын ауыстыру).

МЕ-да тұрған білім алушыны басқа білім беру ұйымына ауыстырған жағдайда жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы ақпарат Облыстың білім беру басқармасы бекіткен алгоритмге сәйкес оқу орны бойынша беріледі.

